

**8D04101 – Экономика білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесіне іздену үшін дайындалған Курманғалиева Лязат Акбергеновнаның «Қазақстан Республикасы халқының еңбек табыстары: үрдістерін бағалау және реттеу басымдықтары» тақырыбында жазылған диссертациялық жұмысына ресми рецензенттің жазбаша пікірі**

р/н №	Өлшемшарттар	Өлшемшарттарға сәйкестігі (жауап нұсқаларының бірін сызу)	Ресми рецензенттің ұстанымына негіздеме (ескертуді курсивпен көрсету)
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	<p>1.1 Ғылымды дамытудың басым бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:</p> <p>1) диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірін көрсету);</p> <p>2) <u>диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауын көрсету);</u></p> <p>3) диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен былым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету) келеді.</p>	<p>Зерттеу тақырыбы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 14 сәуірдегі №218 қаулысымен бекітілген «Халықтың табысын арттырудың 2029 жылға дейінгі бағдарламасы», Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 29 қарашадағы №1050 қаулысымен бекітілген «Қазақстан Республикасының еңбек нарығын дамытудың 2024–2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы». Сонымен қатар диссертациялық ізденісте, Үкіметінің 2024 жылғы 20 наурыздағы №212 қаулысымен бекітілген «Айлық жалақының ең төмен мөлшерін айқындау әдістемесінің» негізгі қағидаттарымен және оны жетілдіру бағыттарымен тікелей байланысты.</p>
2.	Ғылым үшін маңыздылығы	<p>Жұмыс ғылымға елеулі үлесін <u>қосады/қоспайды</u>, ал оның маңыздылығы <u>ашылған/ашылмаған</u>.</p>	<p>Диссертациялық жұмыс ғылымға елеулі үлес <b>қосады</b>, себебі онда халықтың еңбек табыстарын бағалау мен мемлекеттік реттеу мәселелері кешенді түрде жан-жақты зерттелген. Автор еңбек табыстарын реттеу тетіктерін жетілдіруге бағытталған ғылыми негізделген ұсыныстар әзірлеген. Зерттеу нәтижелері еңбек табыстарын бағалау мен мемлекеттік реттеудің теориялық және әдіснамалық критерилерін толықтырады. Осыдан</p>

			болар, диссертациялық жұмыстың ғылыми және практикалық маңыздылығы <b>ашылған</b> .
3.	Өзі жазу принципі	Өзі жазу деңгейі: 1) <u>жоғары</u> ; 2) орташа; 3) төмен; 4) өзі жазбаған.	Диссертацияда автордың зерттеу мәселелері бойынша өзіндік көзқарасы мен ғылыми ұстанымы айқын көрінген. Материалдар жүйелі әрі дәйекті мазмұндалған, нақтылы талдаулар мен қорытындылар жүйелі қисындрылған. Жұмыстың құрлысы мен мазмұндауы зерттеушінің дербес орындау алғырлығы мен шеберлігін айқын байқатып, ғылыми еңбекті өз бетінше жазу деңгейінің <b>жоғары</b> екенін анық білдіреді.
4.	Ішкі бірлік принципі	4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі: 1) <u>негізделген</u> ; 2) ішінара негізделген; 3) негізделмеген.	Диссертация тақырыбының өзектілігі халықтың еңбек табыстарын арттыру, дифференциациясын төмендету және еңбектік табыстарды мемлекеттік реттеудің тиімділігін жетілдіруге <b>негізделген</b> . Еңбектік табыс халықтың әл-ауқатын сипаттайтын негізгі әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштердің бірі болып табылады. Зерттеуде қарастырылып, түйінделген қағидаттар қазіргі әлеуметтік-экономикалық даму жағдайында ғылыми және практикалық тұрғыда өте маңызды болып саналады.
		4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын <u>айқындайды</u> : 1) <u>айқындайды</u> 2) ішінара айқындайды; 3) айқындамайды.	Диссертацияның құрылымы мен мазмұндалуы зерттеу тақырыбын толық ашқан. Жұмыста халықтың еңбек табыстарын бағалаудың теориялық алғы шарттары, бағалау әдістемелері, даму үрдістері, дифференциациялық факторлар және мемлекеттік реттеу мәселелері кешенді түрде зерделенген, ал диссертация мазмұны зерттеу тақырыбын толық <b>айқындайды</b> .
		4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді: 1) <u>сәйкес келеді</u> ; 2) ішінара сәйкес келеді; 3) сәйкес келмейді.	Зерттеудің мақсаты халықтың еңбек табысының даму үрдістерін бағалау мен оларды мемлекеттік реттеу әдістерін тиімді жолдарын негіздеуге автордың кәдімгідей үлес қосқанын білдіреді. Қойылған міндеттер зерттеу мақсатына және диссертация

			тақырыбына <b>сәйкес</b> толық мазмұндалған. Диссертацияда болжамдалған міндеттер толық көлемде өз шешімін тапқан.
		4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен ережелері логикалық байланысқан: 1) <u>толық байланысқан</u> ; 2) <u>ішінара байланысқан</u> ; 3) байланыс жоқ.	Диссертацияның құрылымы зерттеу логикасына сәйкес қалыпталған. Теориялық, әдіснамалық және талдамалық бөлімдер өзара логикалық <b>толық байланысқан</b> , зерттеу нәтижелерін негіздеуге мұрындық бола білген. Қорытындылар мен ұсыныстар зерттеудің мазмұнын толық түрде қисынды логикалық тұрғыда байланыстыра алған.
		4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған: 1) <u>сыни талдау бар</u> ; 2) талдау ішінара жүргізілген; 3) талдау өз пікіріне емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген; 4) талдау жоқ.	Диссертацияда халықтың еңбек табыстарын бағалау үлгілерін мемлекеттік реттеу амалдары туралы отандық және шетелдік ғылыми зерттеулерге, сондай-ақ қолданыстағы реттеу тетіктеріне <b>сыни талдау жүргізілген</b> . Автор әртүрлі теориялық және әдіснамалық тәсілдерді салыстырып, олардың артықшылықтары мен шектеулерін айқындаған. Зерттеу барысында анықталған проблемалар мен үрдістер негізінде еңбек табыстарын мемлекеттік реттеуді жетілдіруге бағытталған ғылыми негізделген ұсыныстар әзірленген.
5.	Ғылыми жаңашылдық принципі	5.1 Ғылыми нәтижелер мен ережелер жаңа ма? 1) <u>толығымен жаңа</u> ; 2) <u>ішінара жаңа (25-75% жаңа)</u> ; 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	Диссертацияда халықтың еңбек табыстарын бағалау және мемлекеттік реттеу жолдарын жетілдіруге бағытталған <b>толығымен жаңа</b> ғылыми нәтижелерге қол жеткізілген. Автор еңбек өнімділігі мен инфляциялық өзгерістерді ескеруге негізделген ең төменгі жалақыны реттеудің интеграцияланған моделін әзірлеген. Жұмыспен қамтылғандардың медианалық еңбек табысын бағалау және реттеушілік бағдар ретінде пайдалану тәсілін негіздегей алған. Сонымен қатар, диссертациялық ізденісте реттеушілік шешімдердің ықтимал әлеуметтік-экономикалық салдарын жедел бағалауға арналған әдіс тәсілдер ұсынылған.

			<p>Ұсынылған ғылыми нәтижелер теориялық және қолданбалы маңызға ие болады. Зерттеу нәтижесінде негізделген және қорғауға шығарылған жаңалықтар, ғылыми ұсыныстар диссертация мазмұнында толық сараптама алған.</p>
		<p>5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа ма?  1) толығымен жаңа;  2) <u>ішінара жаңа (25-75% жаңа)</u>;  3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).</p>	<p>Диссертация қорытындылары жүргізілген зерттеу нәтижелеріне негізделген және халықтың еңбек табыстарын мемлекеттік реттеу мәселелерін дамытуға бағытталған. Қорытындылардың елеулі бөлігі автор алған жаңа ғылыми нәтижелерден туындаса, жекелеген тұжырымдамалар қолданыстағы ғылыми білімді ілгері жетелей алады. Және де жаңа теориялық, практикалық ұсыныстармен толықтыра алған.. Сондықтан <b>ішінара жаңа</b> болып табылады. Бұл автор ұсыныстарының ғылыми және практикалық маңызын көтере түседі.</p>
		<p>5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе?  1) <u>толығымен жаңа</u>;  2) <u>ішінара жаңа (25-75% жаңа)</u>;  3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).</p>	<p>Диссертацияда ұсынылған экономикалық және басқарушылық шешімдер халықтың еңбек табыстарын мемлекеттік реттеу жүйесін жетілдіруге бағытталған және жүргізілген зерттеу нәтижелерімен негізделген. Автор ұсынған ең төменгі жалақыны реттеудің интеграцияланған моделі, медианалық еңбек табысын реттеушілік бағдар ретінде пайдалану жөніндегі тәсілдер және әлеуметтік әсерді экспресс-бағалау құралдары Қазақстан аумағында ғылыми негізделген <b>толығымен жаңа</b> шешімдер ретінде бағалануы тиіс. Өйткені ұсыныстар еңбек табыстарын реттеу тетіктерінің тиімділігін арттыруға бағытталған және практикалық қолдану әлеуетіне ие.</p>
6.	Негізгі қорытындылардың негізділігі	<p>Барлық негізгі қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде <u>негізделген/негізделмеген (qualitative research (квалитатив ресеч))</u> және</p>	<p>Диссертацияның негізгі қорытындылары ресми статистикалық деректерді, ғылыми әдебиеттерді және жүргізілген талдау нәтижелерін кешенді пайдалану негізінде қалыпталған. Зерттеу барысында халықтың еңбек табысының даму</p>

		өнер және гуманитарлық ғылымдар бойынша даярлық бағыттары үшін).	үрдістері, олардың дифференциациясы және мемлекеттік реттеу тиімділігі жан-жақты бағаланған. Алынған нәтижелер мен тұжырымдар жүргізілген зерттеудің мазмұнымен және пайдаланылған деректермен жеткілікті дәрежеде <b>негізделген</b> .
7.	Қорғауға шығарылған негізгі ережелер	<p>Әрбір ереже бойынша келесі сұрақтарға жеке жауап беру қажет:</p> <p>7.1 Ереже дәлелденді ме?</p> <p>1) дәлелденді; 2) шамамен дәлелденді; 3) шамамен дәлелденбеді; 4) дәлелденбеді; 5) бұл тұжырымда ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес.</p> <p>7.2 Тривиалды ма?</p> <p>1) ия; 2) жоқ; 3) бұл тұжырымда ереженің тривиалды екенін тексеру мүмкін емес.</p> <p>7.3 Жаңа ма?</p> <p>1) ия; 2) жоқ; 3) бұл тұжырымда ереженің жаңашылдығын тексеру мүмкін емес.</p> <p>7.4 Қолдану деңгейі:</p> <p>1) тар; 2) орташа; 3) кең 4) бұл тұжырымда ереженің қолдану деңгейін тексеру мүмкін емес.</p> <p>7.5 Мақалада дәлелденген бе?</p> <p>1) ия; 2) жоқ 3) бұл тұжырымда мақаладағы ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес.</p>	<p>1-ереже. Еңбек өнімділігіндегі салааралық алшақтықтарды және инфляциялық өзгерістерді ескере отырып, ең төменгі жалақы мөлшерін индекстеу диапазоны шегінде жыл сайын жаңартуға мүмкіндік беретін интеграцияланған моделі.</p> <p>7.1 Дәлелденді ме?</p> <p>1) <u>дәлелденді</u>;</p> <p>7.2 Тривиалды ма?</p> <p>2) <u>жоқ</u>;</p> <p>7.3 Жаңа ма?</p> <p>1) <u>иә</u>;</p> <p>7.4 Қолдану деңгейі</p> <p>3) <u>кең</u>;</p> <p>7.5 Мақалада дәлелденген бе?</p> <p>1) <u>иә</u>.</p> <p>2-ереже. Жалдамалы жұмыскерлердің, өзін-өзі жұмыспен қамтыған халықтың және жеке кәсіпкерлердің табыс құрылымындағы еңбек компонентін бірдей ескеруге мүмкіндік беретін барлық жұмыспен қамтылғандардың медианалық еңбек табысын статистикалық және реттеушілік бағдар ретінде пайдалану ұсынысы.</p> <p>7.1 Дәлелденді ме?</p> <p>1) <u>дәлелденді</u>;</p> <p>7.2 Тривиалды ма?</p> <p>2) <u>жоқ</u>;</p> <p>7.3 Жаңа ма?</p> <p>1) <u>иә</u>;</p> <p>7.4 Қолдану деңгейі</p> <p>3) <u>кең</u>;</p> <p>7.5 Мақалада дәлелденген бе?</p> <p>1) <u>иә</u>.</p> <p>3-ереже. Ең төменгі жалақы бойынша қабылданатын реттеушілік шешімдердің ықтимал әлеуметтік–экономикалық салдарын жедел бағалауға арналған әлеуметтік</p>

			<p>экспресс–бағалау әдісі.</p> <p>7.1 Дәлелденді ме? 1) <u>дәлелденді</u>;</p> <p>7.2 Тривиалды ма? 2) <u>жоқ</u>;</p> <p>7.3 Жаңа ма? 1) <u>иә</u>;</p> <p>7.4 Қолдану деңгейі 3) <u>кең</u>;</p> <p>7.5 Мақалада дәлелденген бе? 1) <u>иә</u>.</p> <p>4-ереже. 2026–2031 жылдарға арналған халықтың еңбек табыстарының болжамдық параметрлері сценарийлік болжауы.</p> <p>7.1 Дәлелденді ме? 1) <u>дәлелденді</u>;</p> <p>7.2 Тривиалды ма? 2) <u>жоқ</u>;</p> <p>7.3 Жаңа ма? 1) <u>иә</u>;</p> <p>7.4 Қолдану деңгейі 3) <u>кең</u>;</p> <p>7.5 Мақалада дәлелденген бе? 1) <u>иә</u>.</p> <p>Қорғауға ұсынылған негізгі ережелер диссертациялық зерттеудің мақсаты мен міндеттеріне сәйкес келеді және жүргізілген зерттеу нәтижелерімен жеткілікті дәрежеде үйлесім таба білген. Ұсынылған ғылыми нәтижелер ғылыми жаңалығымен, практикалық маңыздылығымен және қолданбалы бағыттылығымен ерекшеленеді. Қорғауға шығарылған ережелер диссертация тақырыбы бойынша жарияланған ғылыми еңбектерде көрініс тауып, апробациялаудан өткен.</p>
8.	Дәйектілік қағидаты. Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	8.1 Әдіснаманы таңдау – негізделген немесе әдіснама нақты жазылған: 1) <u>иә</u> ; 2) жок.	Диссертацияда зерттеудің әдіснамалық негіздері нақты негізделген және зерттеу мақсаты мен міндеттеріне сәйкес таңдалған. Автор еңбек табыстарын бағалау мен мемлекеттік реттеу мәселелерін зерттеуде жүйелік, салыстырмалы, статистикалық және экономикалық талдау әдістерін кешенді қолданған. Таңдалған әдіснама зерттеу нәтижелерінің ғылыми

		негізділігін қамтамасыз ете алған және қойылған ғылыми мәселелерді шешуге толық мүмкіндік тудырған.
	8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған: 1) <u>ия</u> ; 2) жок.	Зерттеу нәтижелері ресми статистикалық деректерді өңдеу, салыстырмалы талдау, экономикалық бағалау және болжау әдістерін пайдалана отырып алынған. Жұмыста статистикалық көрсеткіштердің динамикасын бағалау, құрылымдық өзгерістерді анықтау және болжамдық параметрлерді есептеу үшін деректерді өңдеудің заманауи тәсілдері қолданылған. Бұл алынған нәтижелердің объективтілігі мен сенімділігін арттырады.
	8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді): 1) <u>ия</u> ; 2) жок.	Диссертацияда ұсынылған теориялық тұжырымдар, модельдер мен ғылыми нәтижелер статистикалық деректерді талдау, есептеулер жүргізу және болжамдық бағалаулар жасау арқылы негізделген. Автор анықтаған үрдістер мен өзара байланыстар Қазақстан Республикасының еңбек табыстары бойынша нақты деректер негізінде зерттелген. Зерттеу нәтижелері диссертацияда келтірілген талдау материалдарымен және есептеулермен расталған.
	8.4 Маңызды мәлімдемелер <u>нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған / ішінара расталған / расталмаған.</u>	Диссертацияда келтірілген негізгі тұжырымдар мен ғылыми пайымдаулар отандық және шетелдік ғалымдардың еңбектеріне, халықаралық ұйымдардың материалдарына, ресми статистикалық деректерге және нормативтік-құқықтық құжаттарға сүйене отырып расталған. Ғылыми әдебиеттерді пайдалану зерттеу тақырыбының теориялық және әдіснамалық аспектілерін жан-жақты ашуға мүмкіндік берген.
	8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға <u>жеткілікті/жеткіліксіз.</u>	Диссертацияда келтірілген негізгі тұжырымдар мен ғылыми пайымдаулар отандық және шетелдік ғалымдардың еңбектеріне,

			халықаралық ұйымдардың материалдарына, ресми статистикалық деректерге және нормативтік-құқықтық құжаттарға сүйене отырып негізделген. Әдебиеттерді пайдалану зерттеу тақырыбының теориялық және әдіснамалық аспектілерін жан-жақты ашуға <b>жеткілікті</b> мүмкіндік тудырған.
9	Практикалық құндылық қағидаты	9.1 Диссертацияның теориялық маңызы: 1) <u>бар</u> ; 2) жоқ.	Диссертацияда халықтың еңбек табыстарын бағалау және мемлекеттік реттеу мәселелерінің теориялық негіздері жүйеленіп, олардың мазмұны қазіргі әлеуметтік-экономикалық жағдайлар тұрғысынан нақтыланған. Зерттеу нәтижелері еңбек табыстары саласындағы ғылыми түсініктерді кеңейтіп, оларды бағалау мен реттеудің әдіснамалық негіздерін толықтырады. Жұмыстың теориялық тұжырымдары осы бағыттағы кейінгі ғылыми зерттеулерде пайдаланылуы мүмкін.
		9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары: 1) <u>ия</u> ; 2) жоқ.	Диссертацияда ұсынылған ғылыми нәтижелер мен практикалық ұсынымдар халықтың еңбек табыстарын мемлекеттік реттеу жүйесін жетілдіруге бағытталған. Ұсыныстар еңбек нарығы, еңбекке ақы төлеу және халық табыстарын реттеу саласындағы мемлекеттік органдардың қызметінде қолданылуы мүмкіндігі жоғары. Зерттеу нәтижелерінің практикалық маңыздылығы оларды енгізу жөніндегі құжаттармен және апробация нәтижелерімен расталады.
		9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа ма? 1) <u>толығымен жаңа</u> ; 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	Диссертацияда нақтыланған практикалық ұсынымдар автор жүргізген зерттеу нәтижелеріне негізделген және халықтың еңбек табыстарын мемлекеттік реттеу тетіктерін жетілдіруге бағытталған. Ұсыныстар ең төменгі жалақыны айқындау тәсілдерін жетілдіруді, медианалық еңбек табысын реттеушілік бағдар ретінде пайдалануды және қабылданатын шешімдердің ықтимал әлеуметтік-экономикалық салдарын

			бағалауды қамтиды. Практикалық ұсынымдар ғылыми негізделген, қолданбалы маңызға ие және мемлекеттік реттеу тәжірибесінде пайдалануға бағытталған <b>толығымен жаңа</b> шешімдер ретінде бағалануы мүмкін.
10.	Жазу және ресімдеу сапасы	Академиялық жазу сапасы: 1) <u>жоғары</u> ; 2) орташа; 3) орташадан төмен; 4) төмен.	Диссертация ғылыми стиль талаптарына сәйкес жазылған. Материал жүйелі және логикалық баяндалған ғылыми терминологиялар орынды қолданылған. Диссертацияның құрылымы зерттеу мақсаты мен міндеттеріне сәйкес келеді, ал негізгі нәтижелер мен қорытындылар анық және түсінікті түрде ұсынылған. Жұмысты ресімдеу академиялық талаптарға сай <b>жоғары</b> сапада орындалған.
11.	Диссертацияға ескертулер		<i>Диссертацияда халықтың еңбек табыстарының даму үрдістері негізінен ресми статистикалық деректер негізінде талданған. Зерттеу нәтижелерін толықтыру мақсатында болашақта социологиялық сауалнама материалдарын пайдалану мүмкіндігін қарастыруға болар еді. Жұмыста халықтың еңбек табыстарын мемлекеттік реттеудің шетелдік тәжірибесі талданған. Сонымен қатар Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің тәжірибесін жеке салыстырмалы блок ретінде қарастыру зерттеудің қолданбалы аспектілерін толықтыра түсер еді. Көрсетілген ескертулер диссертацияның жалпы оң бағасына әсер етпейді және зерттеудің ғылыми құндылығы мен практикалық маңызын төмендетпейді.</i>
12.	Докторант мақалаларының зерттеу тақырыбы бойынша ғылыми деңгейі (диссертация мақалалар сериясы		

	<p>нысанында қорғалған жағдайда ресми рецензенттер докторанттың зерттеу тақырыбы бойынша әр мақаласының ғылыми деңгейін зерделейді)</p>		
13.	<p>Ресми рецензенттің шешімі (осы Үлгі ереженің 28-тармағына сәйкес)</p>		<p>Курманғалиева Лязат Акбергеновнаның «Қазақстан Республикасы халқының еңбек табыстары: үрдістерін бағалау және реттеу басымдықтары» тақырыбындағы диссертациялық жұмысы докторлық диссертацияларға қойылатын Ғылыми дәрежелерді беру қағидаларының талаптарына сәйкес келеді, ал оның авторы 8D04101 – Экономика білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін беру үшін Комитетке ұсынылады.</p>

**Ресми рецензент,  
экономика ғылымдарының докторы,  
Халықаралық туризм және меймандостық  
университеті, «Қонақжайлылық»  
мектебінің профессоры**



*Handwritten signature in blue ink.*

**Ыдырыс С.С.**